

## Су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 22 қазандағы № 1247 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 қазанда № 6481 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 22.10.2025 № 201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 22.10.2025 № 201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының Су Кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Кодексінің 116-бабының 2-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілген жобалау құжаттамасы негізінде белгіленсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандары және Қызылорда қаласындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандары және Қызылорда қаласындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылықта пайдалану режимі.

2. Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандары мен Қызылорда қаласының әкімдері, "Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі*

*Қ. Көшербаев*

*КЕЛІСІЛДІ*

*"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі*

*Су ресурстары комитетінің*

*Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі*

Арал-Сырдария бассейндік  
инспекциясы" Республикалық  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
\_\_\_\_\_ Ә. Қарлыханов  
2018 жылғы "22" қазан

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018  
жылғы "25" қазандағы № 6481  
қаулысына 1-қосымша

**Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандары және Қызылорда қаласындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері**

| №  | Су объектілерінің атауы   | Әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы | Су қорғау аймағы мен белдеулерінің көлемі, гектар | Су қорғау аймағының ені, метр | Су қорғау белдеуінің ені, метр |
|----|---------------------------|---------------------------------------|---------------------------------------------------|-------------------------------|--------------------------------|
| 1  | Арал теңізі               | Арал ауданы<br>Бөген ауылдық округі   | 31266,300                                         | 500                           | 35                             |
| 2  | Қарашалаң көлі            | Арал ауданы<br>Бөген ауылдық округі   | 3410,42                                           | 500                           | 35                             |
| 3  | Жалағаш көлі              | Арал ауданы<br>Қосжар ауылдық округі  | 1594,03                                           | 500                           | 35                             |
| 4  | Қаязды -<br>Бидайкөл көлі | Арал ауданы<br>Қосжар ауылдық округі  | 1182,88                                           | 500                           | 35                             |
| 5  | Лайкөл көлі               | Арал ауданы<br>Райым ауылдық округі   | 1467,75                                           | 500                           | 35                             |
| 6  | Ақшатау -<br>Сорғақ көлі  | Арал ауданы<br>Райым ауылдық округі   | 2428,53                                           | 500                           | 35                             |
| 7  | Қаракөл көлі              | Арал ауданы<br>Райым ауылдық округі   | 1366,05                                           | 500                           | 35                             |
| 8  | Суықкөл көлі              | Арал ауданы<br>Райым ауылдық округі   | 200,09                                            | 500                           | 35                             |
| 9  | Райым көлі                | Арал ауданы<br>Райым ауылдық округі   | 725,16                                            | 500                           | 35                             |
| 10 | Алашакөл көлі             | Арал ауданы<br>Райым ауылдық округі   | 598,68                                            | 500                           | 35                             |
|    |                           | Арал ауданы                           |                                                   |                               |                                |

|    |                  |                                                                                  |           |     |    |
|----|------------------|----------------------------------------------------------------------------------|-----------|-----|----|
| 11 | Шөмішкөл көлі    | Райым ауылдық округі                                                             | 638,56    | 500 | 35 |
| 12 | Құмкөл көлі      | Қазалы ауданы<br>Әйтеке би кенті                                                 | 246,11    | 500 | 35 |
| 13 | Қотанкөл көлі    | Қазалы ауданы<br>Майдакөл ауылдық округі                                         | 2047,04   | 500 | 35 |
| 14 | Ақкөл көлі       | Қазалы ауданы<br>Тасарық ауылдық округі                                          | 852,37    | 500 | 35 |
| 15 | Ащыкөл көлі      | Қазалы ауданы<br>Арықбалық ауылдық округі                                        | 371,66    | 500 | 35 |
| 16 | Қаракөл көлі     | Қазалы ауданы<br>Қызылқұм ауылдық округі                                         | 455,96    | 500 | 35 |
| 17 | Қуандария көлі   | Қазалы ауданы<br>Тасарық және Сарыбұлақ ауылдық округтері                        | 15371,106 | 500 | 35 |
| 18 | Қалғандария көлі | Сырдария ауданы<br>А . Тоқмағанбетов ауылдық округі                              | 262,52    | 500 | 35 |
| 19 | Таушұқырой көлі  | Шиелі ауданы<br>Телікөл ауылдық округі                                           | 401,4     | 500 | 35 |
| 20 | Алабие көлі      | Шиелі ауданы<br>Талаптан ауылдық округі                                          | 1599,2    | 500 | 35 |
| 21 | Үлкен барша көлі | Шиелі ауданы<br>Бәйгеқұм ауылдық округі                                          | 439,4     | 500 | 35 |
| 22 | Ханқожа көлі     | Шиелі ауданы<br>Жөлек ауылдық округі                                             | 4130,1    | 500 | 35 |
| 23 | Қараөзек арнасы  | Қызылорда облысы<br>Қызылорда қаласы,<br>Сырдария,<br>Жалғаш,<br>Қармақшы ауданы | 17200,3   | 500 | 35 |
| 24 |                  | Қызылорда облысы                                                                 | 341,9     | 500 | 35 |

|  |                           |                     |  |  |  |
|--|---------------------------|---------------------|--|--|--|
|  | Қалғандария –<br>200 көлі | Қызылорда<br>қаласы |  |  |  |
|--|---------------------------|---------------------|--|--|--|

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2018 жылғы "22" қазандағы №1247  
қаулысына 2-қосымша

**Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандары және Қызылорда қаласындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдалану режимі**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 02.02.2021 № 194 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

## 2. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылысжайлар салмай ғимараттар мен құрылыстарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген және салалық сараптамалардың түйіндерін қамтитын, құрылыс

жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы алынған жобалар болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар мен коммуникациялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) тыйым салынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК